

**«6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне
іздену үшін ұсынылған Адилова Эльнур Темиркановнаның «Қазіргі қазақстандық
жастардың құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық зерттеу»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы</p> <p>1) ұлттық деңгейдегі 2017 жылдан бастап елімізде жүзеге асып жатқан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы;</p> <p>2) ел халқын қоғамда сұранысқа ие дағдылармен және рухани-адамгершілік құндылықтармен жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз етуді басты мақсат етіп алған «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»;</p> <p>3) адами капиталды дамытудың қажетті шарттары жоғары сапалы және қажетті дағдылармен оқыту болып табылатын Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық дамуының «Жаңа адами капитал» сияқты бағыттарына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады.</p> <p>Диссертацияның құрылымы, мазмұны жүйелі және орындалу сапасы жоғары деңгейде көрінген, практикалық маңыздылығы айқын. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастың тиянақтылығымен маңызды.</p> <p>Сонымен қатар зерттеу жұмысын жоғары білім беру орындарында және оқу-тәрбие қызметін жоспарлау кезінде, әлеуметтік психология, тұлға психологиясы курстарын оқыту кезінде, сонымен қатар басқалардан</p>

			түбегейлі ерекшеленетін жаңа буын студенттердің адамгершілік санасын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіруге бағытталған практикалық материалдар ретінде қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу объектісіне сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасауы, жариялымдарда диссертация мазмұнын, басты идеяларын ашып көрсетуі ізденушінің өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Зерттеудің жұмысында алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі дұрыс сақталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, 167 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда 26 кесте, 33 сурет берілген және қосымшалармен толықтырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты қазіргі қазақстандық студент жастардың өмірлік әлеміндегі құндылық бағдарларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері толық байланысқан, ішкі бірлікке ие, қол жеткізген нәтижелерге жан-жақты зерттеу жасалған. Әрбір бөлім мен ой-қорытындылары бір-бірімен үндеседі. Зерттеудің мазмұны толық ашылып, қойылған мақсат-міндеттер орындалған, жүйелі ғылыми ізденіс болып есептеледі.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автор қазіргі қазақстандық студент жастардың өмірлік әлемінің құндылық бағдарлары этностық сәйкестілік, уақыт перспективасы және әлеуметтік-мәдени ортаның белгісіздігіне толеранттылық сияқты әлеуметтік-психологиялық сипаттамалармен өзара негізделетін анықтауға байланысты (нәтижелерін сапалы талдау және түсіндіру, статистикалық талдау әдістері) арқылы эмпирикалық зерттеу жүргізген. Нәтижесінде қазіргі қазақстандық студент жастардың құндылық бағдары мен этностық сәйкестілік түрлері арасында өзара байланыс орнатылды; өткен, қазіргі мен болашақ режимдерін субъективті қабылдау және бағалау ретінде қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтық бағдарлары мен уақыт перспективасының параметрлері арасындағы өзара байланыс орнатылды; құндылық бағдарлар мен әлеуметтік-мәдени ортаның белгісіздігіне толеранттылық арасындағы байланыстың болуы дәлелденді. Сол себепті докторант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдау жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Ізденушінің эмпирикалық зерттеу арқылы, мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қазіргі заманғы шындыққа негізделген құндылық мәселелері бойынша шетелдік, ресейлік және қазақстандық зерттеулерге жүйелеу жүргізілді; 2) «құндылық бағдарлар» күрделі әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде тұлғаның белсенділік мазмұны мен

		<p>бағытын сипаттайтын, тұлғаның қатынастар жүйесінің құрама бөлігі болып табылатын адамның дүниеге, өзіне деген жалпы бағытын анықтау мазмұны нақтыланды;</p> <p>3) тұлғаның рухани қасиеттері мен құндылық бағдарлардың жеке байланысы және өзара әсері зерттелді;</p> <p>4) қазіргі қазақстандық студент жастардың құндылық бағдары мен этностық сәйкестілік түрлері арасында өзара байланыс орнатылды;</p> <p>5) өткен, қазіргі мен болашақ режимдерін субъективті қабылдау және бағалау ретінде қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтық бағдарлары мен уақыт перспективасының параметрлері арасындағы өзара байланыс орнатылды;</p> <p>б) құндылық бағдарлар мен әлеуметтік-мәдени ортаның белгісіздігіне толеранттылық арасындағы байланыстың болуы дәлелденді.</p>	
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Себебі, психологияда қазіргі қазақстандық студент жастардың өмірлік әлемінің құндылық бағдарларын этникалық бірдейлік, уақыт перспективасы, әлеуметтік-мәдени ортаның белгісіздігіне толеранттылық сияқты әлеуметтік-психологиялық сипаттамалармен өзара негізделуін болжап, оны эмпирикалық жолмен тексеріп, қорытынды жасалмаған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Қазіргі таңда зерттеулердің басым көпшілігі, соның ішінде психологиялық зерттеулерді алсақ техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін негіздеуді талап етеді. Сол себепті Э.Т. Адилова тақырып өрісінде эмпирикалық зерттеу жүргізген және түсіндіру</p>

			бойынша техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және ол диссертация мазмұнында негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Жалпы диссертация мазмұны теориялық және эмпирикалық зерттеу бойынша берілген. Теориялық зерттеуде құндылық мәселесі ауқымды бойынша ғылыми әдебиеттер жүйеленіп, талданады. Эмпирикалық материалдарды жинау әдістері бойынша тестілеу әдісі, зерттеу нәтижелерін сапалы талдау және түсіндіру әдістері, статистикалық талдау әдістері қолданылды. Сондықтан Э.Т. Адидованың тұжырымдаған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Зерттеудің тақырыбына байланысты диссертация мазмұнындағы тараулар қарастырылып, талданған. Эксперименттік мәліметтер арқылы әр қағидат негізделіп, тұжырымдалған. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа жаңашылдық тән. Сол себепті қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Психологияда қазіргі қазақстандық студент жастардың өмірлік әлемінің құндылық бағдарларын этникалық бірдейлік, уақыт перспективасы, әлеуметтік-мәдени ортаның белгісіздігіне толеранттылық сияқты әлеуметтік-психологиялық сипаттамалармен өзара негізделуін болжап, оны эмпирикалық жолмен тексеріп, қорытынды жасалмаған. Сондықтан қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Ұсынылған қағидаттар қазіргі</p>

			<p>қазақстандық студент жастардың өмірлік әлемінің құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық болмысын теориялық, практикалық тұрғыдан дамытуға мүмкіндік береді. Соған байланысты қағидаттарды кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Зерттеу тақырыбы бойынша 10 мақала жарық көрді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда - 3; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында - 5; Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда – 2. Негізгі ғылыми идеялар және зерттеудің қағидаттары автордың жарияланған мақалаларында баяндалған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық бағдары нақтыланып жазылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Эмпирикалық зерттеу үлкен 3 кезенді камтиды, атап айтқанда бірінші кезеңде тестілеу Google формалар платформасының көмегімен өткізілген, пандемия кезінде түрлі онлайн платформаларда қашықтықтан жұмыс істегені белгілі, Google формалары - онлайн ресурс, сауалнама жасауға, тестілеуді өткізуге мүмкіндік беретін Google Drive кеңсе құралының бір бөлігі болғандықтан ізденуші сол бағдарламаны ұтымды</p>

			сауатты игеріп қолдана білгені, қазіргі зерттеулердің мықтылығы сонда ІТ арқылы замануи жаңаша болып кеткенін байқамау мүмкін емес.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Қазіргі қазақстандық студент жастардың өмірлік әлемінің құндылық бағдарлары этностық сәйкестілік, уақыт перспективасы және әлеуметтік-мәдени ортаның белгісіздігіне толеранттылық сияқты әлеуметтік-психологиялық сипаттамалармен өзара шартасуы теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар, заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертация бойынша маңызды мәліметтер отандық, кеңестік, шетелдік ғылыми әдебиеттерге жасаған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер тізімі 167 және бұл зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми қағидаттарды негіздеуге жеткілікті болып саналады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар: Құндылық мәселелерінің қазіргі теориялық тұжырымдамаларын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді; шетелдік, ресей зерттеулерінде және қазақ психологиясы контекстінде құндылық мәселелерін зерттеудің жүйеленген теориялық алғышарттары әлеуметтік, жас ерекшелік психологиясы, тұлға психологиясындағы теориялық зерттеулерді байытады; тұлғаның психологиялық құрылымындағы құндылықтарды бөлу және олардың негізгі функциялары қазіргі заманғы шындыққа негізделген құндылықтық бағдарды әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде

			жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: Қазақстанның жоғары білім беру орындарында және оқу-тәрбие қызметін жоспарлау кезінде, әлеуметтік психология, тұлға психологиясы курстарын оқыту кезінде, сонымен қатар басқалардан түбегейлі ерекшеленетін жаңа буын студенттердің адамгершілік санасын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіруге бағытталған практикалық материалдар ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u>	Диссертацияда алынған ғылыми теориялық және ғылыми эмпирикалық нәтижелер қазіргі қазақстандық студент жастардың өмірлік әлемінің құндылық бағдарлары мен олардағы әлеуметтік-психологиялық механизмдердің өзара шарттастықта оңды болуын, оңтайлы дамып, жетілуін қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты жазу және ресімдеу сапасы жоғары. Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан сауатты, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.

Сонымен, Э.Т. Адилованың жұмысы талапқа сәйкес орындалған, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы ретінде оң бағаланады. Дегенмен, диссертациялық жұмысқа қатысты бірқатар ескертулер бар:

1. Диссертацияның бірінші бөлімінде қазіргі заманғы шындыққа негізделген құндылық мәселелері бойынша шетелдік, кеңестік және қазақстандық зерттеулерге жүйелеу жүргізілген, дегенмен өзіміздің отандық психологтардың басқа да зерттеулермен толығымен түссе диссертацияның құндылығы арта түсетін еді.

2. Эмпирикалық бөлімде төрт жеке болжам болғандықтан үлкен эксперимент өткізілген, олар бәрі жұмыста көрсетілген, алайда әр экспериментті жеке баяндағанда өте ұтымды ғылыми жұмыс болар еді.

3. Ізденуші алдыменен эмпирикалық зерттеуді (эксперименттік) суреттеп, анализдеп содан кейін SPSS бағдарламасы негізінде математикалық статистикамен көрсеткені өте ғылыми бірзділікті қамтиды. Бұл зерттеуде дисперсиямен қатысты каноникалық

корреляцияны дұрыс қолданған, алайда оны нақтылап кетсе жұмыс өз құндылығын көтерер еді.

Дегенмен, бұл айтылған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді. Бұл ескертулер ізденушінің болашақтағы ғылыми жұмысында ескеруі үшін жасалған. Сондықтан Адилова Эльнур Темиркановнаның «6D050300 – «Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазіргі қазақстандық жастардың құндылық бағдарларын әлеуметтік-психологиялық зерттеу» тақырыбындағы диссертация толық, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Тұран университеті
«Психология» кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының докторы



Sanqilbaev O.S.
Сангилбаев О.С.